



ЧИЛИ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ

Мемлекеттік зейнетақы: 1981 жылдан бастап іске қосылған жаңа жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өтпегендер үшін қолданылатын ескі бөлу жүйесінің (PAYG) қатысушыларына төленеді. Жаңа қатысушыларға рұқсат берілмейтіндіктен, PAYG жүйесін жабу күтілуде.

Базалық кепілді ортақ зейнетақы: зейнетақы жүйесіне жарна аудармаған және зейнетақы жүйесінен зейнетақыға құқығы жоқ, 65 жасқа толған адамдарға мемлекеттік бюджеттен төленеді. Адамдар жеткілікті деңгей мен елде тұрған жылына қойылатын талаптарға сай болуы тиіс (табысы жоғары топқа жатпау; елде кемінде 20 жыл тұру, оның ішінде азамат мәртебесі өтініш берілген сәтте дейін кемінде 5 жыл). Базалық зейнетақы бекітілген және жыл сайын инфляция деңгейі ескеріліп индекстеледі (2021 жылы 91 мың теңге).

Қосымша ортақ зейнетақы төлемі: зейнетақы жүйесіне жарна аударған, бірақ анықталған ең төменгі деңгейден төмен зейнетақы тағайындалған, 65 жасқа толған адамдарға төленеді (осылайша, ең төменгі зейнетақыға дейін үстемалық ретінде қолданылады). Сонымен қатар жеткілікті деңгейі мен елде тұрған жылына қойылатын талаптар бар.

Әскери қызметшілер мен құқық қорғау жүйесіндегі қызметшілер үшін бөлек зейнетақы бағдарламасы қолданылады.

ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ (МІНДЕТТІ)

Жеке зейнетақы қорлары басқаратын (атқ, AFP немесе зейнетақы жинақтарын басқарушылар) жеке шоттары бар жинақтаушы зейнетақы жүйесі (Fully Funded DC)

1983 жылғы 1 қаңтардан кейін жұмысқа жарна барлық жалдамалы қызметкерлерді (өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды біртіндеп қамти отырып), сондай-ақ өз еркімен жинақтаушы жүйеге өткен бөлуші жүйе қатысушыларын қамтиды.


ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ (ЕРІКТІ)

Жеке зейнетақы қорлары және басқа қаржы институттары (коммерциялық банктер, сақтандыру компаниялары және басқалар) ұсынатын ерікті зейнетақы бағдарламалары.


МІНДЕТТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ



Чили – 1981 жылы белгіленген төлемдері бар мемлекеттік бөлуші зейнетақы жүйесінен жеке дербес зейнетақы шоттары бар жинақтаушы жүйеге өткен алғашқы ел.



Реформа нәтижесінде мемлекеттік зейнетақы жүйесінен (PAYG DB) белгіленген жарналары мен жеке зейнетақы шоттары бар жеке жинақтаушы зейнетақы жүйесіне (FFDC) өту жүзеге асырылды.



1981 жыл: реформа басталғаннан бастап 5 жыл ішінде зейнетке шығу құқығы болған қызметкерлерді қоспағанда, қызметкерлерге жаңа жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілген сәттен бастап мемлекеттік PAYG жүйесі мен жеке жинақтаушы жүйе арасында таңдау құқығы берілді.

1983 жылғы 1 қаңтардан бастап: еңбек нарығының жаңа қатысушыларының барлығы міндетті түрде таңдалған зейнетақы жинақтарын басқарушыда (AFP, Administradora de Fondos de Pensiones) (бұдан әрі – Зейнетақы қоры, AFP) жеке шот ашып, жаңа жеке зейнетақы жүйесіне қосылады.

Мемлекеттік PAYG жүйесі алушылар санының азаюына қарай біртіндеп аяқталып келеді, 2050 жылға қарай толығымен жабылады деп күтілуде.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ – ЧИЛИ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТІ

Чилидің жұмыс істейтін халқы (жеке және мемлекеттік сектор қызметкерлері)

Ай сайынғы табыстан 10% мөлшерінде Чили зейнетақы қорларына (AFP) міндетті зейнетақы жарналарын аударды (есепке алынатын ең жоғарғы табыс 80,2 UF дейін (UF – инфляция ескеріліп жыл сайын индекстелетін ақша бірлігі. 2020 жылы 1 UF = 39,62 АҚШ доллары)). Жұмыс берушілер қызметкерлердің зейнетақы жарналарын ұстап, AFP-ге жібереді.

Чили зейнетақы қорлары (AFP, Administradora de Fondos de Pensiones).

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ:

- жарналарды жинау мен есепке алуды жүргізеді
- салымшылардың жеке шоттарын басқарады
- зейнетақы жинақтарын басқарады
- төлемдер жасайды

Зейнетақы қорларының қызметін Чили зейнетақымен қамсыздандыру басқармасы (Chile's Superintendent of Pensions) реттейді

Қатысушылар кез келген AFP таңдап, бір қордан басқасына қалаған кезде өте алады. Еңбек қызметін алғаш бастағандар үшін "ұйғарым бойынша" Қор тағайындалады. "Ұйғарым бойынша" Қор комиссиялық сыйақы мөлшері ең аз қор болады (мұндай мәртебе тендер негізінде 2 жылға белгіленеді).

Зейнетақы шоттарын басқару үшін зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақысы

Зейнетақы жинақтары құралатын 10% міндетті жарнадан басқа салымшы зейнетақы жинақтарын басқарғаны үшін AFP комиссиялық сыйақысын төлейді, ол орташа алғанда таңдалған AFP-ге қарай қызметкердің ай сайынғы еңбекақысынан **0,77% бен 1,44%** арасында болады.

Асыраушысынан айырылу және мүгедек боп қалу жағдайына сақтандыру

Жұмыс берушілер өз қызметкерлері үшін зейнетақы қорларына асыраушысынан айырылу және мүгедек боп қалу жағдайына сақтандыру үшін қызметкердің табысынан 2,30% мөлшерінде жарналар аударуы тиіс. Мұндай сақтандыру зейнетақы қорларының барлығы бірлесіп ұйымдастыратын бірінші мемлекеттік тендер арқылы сатып алынады. Тендерде тәуекелдерді артаптағандыру мақсатында кемінде 2 сақтандыру компаниясы жеңіп шығуы тиіс.

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҮМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН ТҮЛГАЛАРДЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУЫ

Әлеуметтік қамтамасыз ету реформасының аясында 2008 жылы көрсетілген жұмыспен ұшп-фактура беретін және төлем туралы түбіртегі беретін өзін-өзі жұмыспен қамтыған түлғаларды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп қосу туралы шешім қабылданды. Бұл үдеріс зейнетақы жарналарын аудару базасын жылдық салық салынатын табыстың 40%-ынан бастап 100%-ға дейін біртіндеп көтеру арқылы 2012 жылдан бастап 2018 жылға дейін созылды. Бастапқыда өзін-өзі жұмыспен қамтыған түлғалар үшін жарналар аудару ерікті сипатта болды (бас тарту құқығымен). Зейнетақы жарналарын төлеу міндеттемесі "2019 жылғы табыс салығы туралы декларация" арқылы іске асырылды. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу міндеттемесі формасы сектор қызметкерлері мен ескі PAYG жүйесінің қатысушыларына қолданылмайды.

Чили қарулы күштерінің өкілдері жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысудан босатылған, себебі олар үшін арнайы бағдарлама көзделген.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ

Әрбір AFP салымшылар таңдауына Чили үкіметі мақұлдаған, тәуекел деңгейі әртүрлі бес инвестициялық портфель ұсынады. Портфельдер акциялар үлесі жоғары және кірістілік әлеуеті жоғары ең агрессивтіден (А портфель) бастап тәуекелсіз мемлекеттік облигациялар мен ең консервативтіге (Е портфель) дейінгі аралықта болады. Тәуекелі салыстырмалы түрде орташа портфельдің төрт үшін ұсыну – барлық AFP үшін міндетті. Бесінші типті (А портфель) құру – ерікті түрде, бірақ зейнетақы қорлары, әдетте, бес түрдің ұсынады.



Активтерді инвестициялық басқаруды AFP өзі жүзеге асыра алады не активтерді басқару бойынша сыртқы компанияларға беруге болады. Активтерді басқару компаниясы Чили зейнетақымен қамсыздандыру басқармасы авторландыруы тиіс. Орташа алғанда AFP активтердің 40%-ға жуығын сыртқы басқарушының қарауына береді. Сыртқы инвестициялық басқарушылар қызметінің ақысы AFP меншікті қаражатының есебінен төленеді.

ЕҢ ТӨМЕНГІ АЙ САЙЫНҒЫ КІРІСТІЛІК БОЙЫНША ТАЛАП

Заңмен әрбір портфель үшін ең төменгі ай сайынғы кірістілікке қойылатын талап белгіленеді, ол бір типтегі барлық портфельдің орташа кірістілігіне байланысты болады. AFP салымшылардың жеке зейнетақы шоттарында ай сайынғы ең төменгі кірістілікті қамтамасыз етуі тиіс. Егер инвестициялардың ай сайынғы кірістілігі қажет көрсеткіштен аз болса, онда AFP айырмағы өтеп, қатысушылардың шоттарын AFP меншікті резерв қорынан толтыруы тиіс.

РЕЗЕРВ ҚОР: ПОРТФЕЛЬ ҚҰНЫНАН 1%

Әрбір портфель типі үшін нормативтік актілермен ең төменгі кірістілік бойынша бенчмарктер белгіленеді.

А және В портфельдері үшін ең төменгі кірістілік төмендегі шамалардың азы болады:

- 4% шегерілген осы типтегі барлық портфельдің орташа нақты кірістілігі (3 жыл үшін)
- орташа көрсеткіш сомасының абсолют мәнінің жартысы шегерілген осы типтегі барлық портфельдің орташа нақты кірістілігі (3 жыл үшін).

С, D және E портфельдері үшін ең төменгі кірістілік төмендегі шамалардың азы болады:

- 2% шегерілген осы типтегі барлық портфельдің орташа нақты кірістілігі (3 жыл үшін)
- орташа көрсеткіш сомасының абсолют мәнінің жартысы шегерілген осы типтегі барлық портфельдің орташа нақты кірістілігі (3 жыл үшін).

Үш жылдық бақылау бенчмаркі AFP назарын салыстырмалы түрде қысқа мерзімді инвестицияларға аударуы мүмкін.

Салымшылардың өз жинақтарын орналастыру үшін портфель таңдауға, сондай-ақ қаражатты өз портфельдері арасында аударуға құқығы бар. Алайда, зейнет жасында және зейнет алдындағы жастағы қатысушыларға үлкенді, портфельдерді таңдауға рұқсат етілмейді.

ПОРТФЕЛЬ ТИПІ	Ерлер 55 жасқа дейін Әйелдер 50 жасқа дейін	56 жастан асқан ерлер 51 жастан асқан әйелдер	Зейнеткерлер
А ПОРТФЕЛЬ – ТӘУЕКЕЛДІ	✓	✗	✗
В ПОРТФЕЛЬ – ОРТАША-ТӘУЕКЕЛДІ	✓	✓	✗
С ПОРТФЕЛЬ – ОРТАША	✓	✓	✓
Д ПОРТФЕЛЬ – ОРТАША-КОНСЕРВАТИВТІК	✓	✓	✓
Е ПОРТФЕЛЬ – КОНСЕРВАТИВТІК	✓	✓	✓

Шектеу мақсаты – зейнеткерлердің немесе зейнет алдындағы жастағы қатысушылардың инвестицияларға қатысты жоғары тәуекел алуына мүмкіндік бермеу, себебі бұл олардың зейнетақы жинақтарының мөлшеріне орны толмас зиян келтіруі мүмкін.

"ҰЙҒАРЫМ БОЙЫНША" ПОРТФЕЛЬ

Қатысушылар портфель типін таңдамаған жағдайда, олардың жинақтары жастарына сәйкес "ұйғарым бойынша" портфельіне бөлінеді.




ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЗЕЙНЕТ ЖАСЫ

Ерлер: 65 жас
Әйелдер: 60 жас

Қатысушылар шоттағы жиналған капитал анықталған бастапқы мәндерден жоғары болған кезде заңмен белгіленген зейнет жасына дейін жинақтаушы компоненттен зейнетақы алуды бастай алады:

- Жеке түлғалардың зейнетақы алуға өтініш беру үшін еңбек қызметін тоқтатуы міндетті емес
- Зейнетақы алуды заңнамалық зейнет жасына толғаннан кейінге қалдыруға болады

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНА САЛЫҚ САЛУ



ӨМІР БОЙҒЫ АННУИТЕТ: бұл жағдайда қатысушылар зейнетақы жинақтарын сақтандыру компаниясына өз қалауына орай аударды (бұл нұсқаға есептелген зейнетақы кем деңгейде базалық ортақ зейнетақы мөлшеріне тең болған жағдайда ғана рұқсат етіледі). Сақтандыру компаниясы зейнетақының өмір бойы төлейді. Өмір бойғы аннуитет сатып алу туралы шешім өзгертілмейді.

КЕЙІНГЕ ӨМІР БОЙҒЫ АННУИТЕТ ПЕН КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР КОМБИНАЦИЯСЫ: бұл жағдайда жиналған капиталдың бір бөлігі сақтандыру компаниясына беріледі, ол өз кезегінде, кейінге қалдыру кезеңінің соңынан бастап өмір бойғы аннуитет төлейді. Зейнетақы шотында қалған жинақ кейінге қалдыру кезеңіндегі уақытта табысқа қамтамасыз ету үшін пайдаланылады және кесте бойынша AFP-ден төленеді.

SCOMP (онлайн-кеңес беру мен ұсыныстарға арналған жүйе)
Зейнетке шығар алдында қатысушылардың барлығы SCOMP арқылы кеңес алуы тиіс. Бұл кеңес беру жүйесі тек ақпараттық сипатта.

КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМ: бұл жағдайда AFP-ден зейнетақы қатысушының жеке зейнетақы шотында жиналған капитал есебінен төленеді. Төлем әрбір белгіленген формулаға сәйкес (өлім-жітім кезінде ескеріліп) есептеледі. Зейнеткерлер баланстағы өз қалдығын кез келген уақытта сақтандыру компаниясынан өмір бойғы аннуитет (салып алу үшін жұмсай алады) өмір бойғы аннуитет сатып алу талаптарына сай болған кезде). Қайтыс болған соң қалған қаражат мұра бойынша беріледі.

ӨМІР БОЙҒЫ АННУИТЕТ ЖӘНЕ КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМ: бұл жағдайда қатысушы жинақтарының бір бөлігі сақтандыру компаниясына аударылады, ол оған өмір бойғы аннуитет төлейді, ал жинақтардың келесі бөлігі кесте бойынша AFP-ден төленеді.

2004 жылғы заң AFP мен өмірдің сақтандыру компаниялары зейнет жасына жақын қалған жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі салымшылар зейнетақыға қатысты кеңес алып, ұсынылған өнімдерді салыстырып, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары немесе зейнетақы бойынша консультанттар сақтандыру кез келген қатысушыдан ұсыныс ала алатын бірыңғай ақпараттық онлайн-жүйе (SCOMP) жасауға міндеттелді. Мүдделі тарап ұсыныстарды салыстырып, негізді шешім қабылдау үшін өз жағдайына, қажеттілігіне және қалауына орай зейнетақы мөлшеріне сұраныс нысанын толтыруы тиіс.

"ЕРКІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН АРТЫҚ СОМА"

Зейнетақы төлемін, алуға заңнамалық құқық туындаған кезде зейнетақы қорларының "еркін қолданылатын артық соманы" (Free purpose surplus) талап ете алады. Бұл жинақтың қалған сомасы:

- ең жоғарғы әлеуметтік зейнетақының (PMAS) 100%-ынан кем емес
- зейнетақы төленген сәтте дейін соңғы 10 жылдағы қызметкердің орташа еңбекақысының 70%-ына тең немесе асатын зейнетақының қаржыландыру үшін жеткілікті болған жағдайда ғана мүмкін болады.

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

Ерікті зейнетақы жинақтарын жеке тұлғалар Ерікті зейнетақы қорларында немесе басқа қаржы мекемелерінде жинай алады: банктер, пайлық инвестициялық қорлар, сақтандыру компаниялары, сондай-ақ Қаржы нарығы бойынша комиссия өкілеттік берген басқа ұйымдар.

Ерікті зейнетақы жинақтары төмендегілер аясында құралуы мүмкін:
Қызметкерлер үшін жұмыс берушілер ұсынатын **корпоративтік жоспарлар** ("Ahorro Previsional Voluntario Colectivo" немесе APVC ретінде танылмай). Қызметкердің жарналары жұмыс берушінің жарналарымен толықтырылады, сондай-ақ жарналардың жұмыс істемей қалған кезінде, жұмыс беруші өз жарналарын қажет шығыстар бабында ескеріп, шегерімге жатқызуға құқылы.

«Келісілген жарналар». Қызметкерлер жұмыс берушімен келісім жасай алады, ол өз кезегінде, қызметкерлердің пайдасына өз қаражаты есебінен ерікті жарналар аударды ("Agreed deposits" ретінде танылмай). Шкім мәнінде, бірақтар компанияларда бұл табысы жоғары қызметкерлерге және жоғарғы буын басшыларға арналған. Жұмыс беруші өз жарналарын қажет шығыстар бабында ескеріп, шегерімге жатқызуға құқылы.

Ерікті жинақтарды алу: "agreed deposits" (жұмыс беруші төлеген) келісілген жарналарды қоспағанда, кез келген уақытта, сондай-ақ кез келген мақсатқа алуға болады. Дегенмен, зейнетақы алғанға өз жинақтарын шығару шешімін қабылдайтын салымшы салық, сондай-ақ айыппұл төлеуі тиіс.

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗЕҢІНДЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУ


2020 жылғы 24 шілдеде азаматтарға Covid-19 пандемиясынан болған қаржылық қиындықтарын шешу үшін зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарының 10%-ына дейін алуға мүмкіндік беретін Заңға қол қойылды.

2020 жылғы 3 желтоқсанда азаматтарға коронавирус пандемиясынан болған экономикалық дағдарысты еңсеруге көмектесу үшін зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын қайтадан алуға (10%-ға дейін) мүмкіндік беретін Заңға қол қойылды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУҒА РҰҚСАТ БЕРУ БОЙЫНША БАСҚА БАСТАМАЛАР
2020 жылғы 2 желтоқсанда депутаттар палатасы Сенатқа емі жоқ ауруларға зейнетақы жинақтары алуға рұқсат ететін Үкіметтің заң жобасын ұсынды. Заң 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді деп жоспарлануда.

ЧИЛИ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАУ: ЖҮМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ЕНГІЗУ

Чили Президенті ұсынған Чили зейнетақы жүйесін жетілдіру бойынша заң жобасына сәйкес қызметкерлердің пайдасына жұмыс берушінің 6% міндетті зейнетақы жарналарын кезеңді енгізу жоспарланып отыр (мөлшерін 12 жыл бойына 6%-ға жеткізсе көтеру арқылы), оны толығымен **Әлеуметтік қамтамасыз етудің әкімшілік желісінде (CASS)** деп аталатын мемлекеттік мекеме басқаратын болады.



CASS-та ашылған, әрбір қызметкерге тиесілі жинақтаушы зейнетақы шотына Ағымдағы және келешек зейнетақыларды бағыталады. Бұл қаражат кәрілік пен мүгедектік бойынша зейнетақыға қаржыландыру үшін (әсіресе, әйелдер, орта қосымша болады). Зейнетке шыққан сәтте әлеуметтік шоттағы 3% аударым тап адамдары және күтімдегі қарт адамдар және жиналған инвестициялық табыс AFP-дегі салымшының жинақтарына үшін) жаңа ұжымдық және ортақ жинақтар кейіннен зейнетақы төлемдерін жасау үшін қосылады. (PACS) бағдарламасына бағыталады.